

жасау ұсынылады. Бұл жағдайда тақырып бір толық параграф көлемінде немесе бүкіл бөлімді қамтуы мүмкін.

Тарих сабақтарында пайдалануға ұсынылған бұл әдістер қазіргі заманғы жас ұрпақтың «клиптік ойлау» деген ерекшелігімен үйлеседі. Мұндай көрнекі әдістер әрқашанда оқушылармен оңай қабылданады. Себебі осындай тапсырмалар оқушылардың бойында эмоционалды байланыс тудырады, бұл өз кезегінде оларға тапсырманы орындауға қосымша мотивация береді. Сабақта көрнекі сөздікті, тарихи картаны немесе комикстер оқушыларды ақпарат іздеуге, оқуға және конспект жасауға, материалдың едәуір мөлшерін игеруге мәжбүр етеді. Осылайша, ұсынылған көрнекі әдістер оқушылар арасында таныс және сұранысқа ие, осы құралдардың визуалды-эмоционалды құзыреттері арқылы оқушылардың бойында шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Тарихты оқытуда жобалық әдісте көрнекіліктерді пайдалану сізге білім алушыларды проблеманы тұжырымдауға, тақырып бойынша ақпарат іздеуді жүзеге асыруға үйрету, әр түрлі ақпарат көздерінде жұмысты жүзеге асыру, тапсырма бойынша әртүрлі нәтижелерге қолжеткізуге және пәнаралық дағдыларды нығайтуға септігін тигізеді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Фрумкин К.Г. Клиповое мышление и судьба линейного текста. – Москва: Топос, 2010. – 215 с.
2. Садкина В.И. 101 педагогическая идея. Как создать урок. – Москва: Основа, 2013. – 278 с.
3. Студеникин М.Т. Современные технологии преподавания истории в школе. – Москва: Владос, 2007. – 460 с.
4. Ферро М. Как рассказывают историю детям в разных странах мира. – Москва: Высшая школа, 1992. – 309 с.
5. Бьюзен Т. Интеллект-карты. Полное руководство по мощному инструменту мышления. – Москва: МИФ Эксмо, 2018. – 208 с.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ МЕН САҚ МӘДЕНИЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ**

**Батырбаева А.Р.**

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы №27 Діқан орта мектебі  
тарих пәнінің мұғалімі

Мемлекеттік рәміздер – ел тәуелсіздігі мен бірлігінің, егемендік пен биліктің біртұтас айғағы.

Қазіргі заманғы рәміздердің негізі, тамыры тереңде жатқаны ұлттық тарихымыздан белгілі. Рәміздер негізі сақ мәдениетінен бастау алып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан бабалар аманаты.

Туымыздың мемлекеттік рәміз ретінде қалыптасуы ежелден келе жатқан тарихи үрдіс. Алғашқы ту ұстаған адамдардың бейнелері Қазақстан территориясынан табылған таңбалы тастарда бейнеленген. Бұл халықтың еркіндікті пір тұтқан, биік рухының көрінісі.

Мемлекеттік тудың негізгі элементтерінің бірі оның түсі. Ұлттық түс пен колорит түсінігі ол бар. Тудағы түс әрбір халықтың танымдық көзқарасынан, рухани мәдениетінен хабар беретін дәнекер сияқты.

Біздің туымыздың түсі – ашық көк түс. Бұл көк пен жердің бірлігі, үйлесімділігі ретінде қабылданады. Сонымен қатар, тудағы көк және алтын түстердің болуы аспан мен күнді үйлестірсе, түркілердің культі - Көк тәңірінің символы ретінде де түсіндіруге болады.

Күн – өмір мен энергия көзі. Геральдика заңы бойынша күн бейнесі – байлықтың, берекенің нышаны. Зер сала қарайтын болсақ, тудағы күннің шуағы - бидайдың формасына ұқсайды, бұл дегеніңіз береке мен бақтың, байлықтың, молшылықтың белгісі.

Тудағы қыран бейнесі де кездейсоқтық емес, қазақ халқы үшін бұл – еркіндіктің, бостандықтың, жарқын болашақтың белгісі. Қыран бейнесі ежелгі сақ мәдениетінде де жиі кездеседі. Тасмола мәдениетінен марал мүйізінен жасалған қыранға ұқсас бейнелер табылған. Сақ мәдениетінде дала қыраны белгілі бір рудың немесе тайпаның тотемі ретінде болған [1, 84-85 бб. ].

Туымызға ерекшелік беріп тұрған тағы бір элемент ол – ұлттық ою-өрнек «Қошқар мүйіздің» болуы. Мұның символикалық мағынасы тереңде жатыр. Біріншіден, ұлттық ою-өрнек болмаса, күн мен қыран ғана қалады, Қазақстан туын басқа тулардан бөліп қарау қиындау болады. Екіншіден, ұлттық ою қолданбалы өнердің жетістігі. Мамандардың айтуынша әлем мен сұлулықтың эстетикалық каноны осы ұлттық орнаментте көрініс табады. Ұлттық ою-өрнек туымызға ұлттық колорит беріп тұр. Сақ заманынан бері келе жатқан стилистік орнаменттер ескерткіштер мен таңбаларда бейнеленген. Халқымыз 200ден астам ою-өрнек түрін ғасырлар бойы бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Бұл болса ұрпақтар сабақтастығының, тарихи үндестіктің дәлелі.

Г.Н. Потанин ХХ ғасырдың басында былай деп жазған еді: «Казахский орнамент проникает во все щели домашней обстановки, в юрте... нет ни одного куска войлока, ни одного кусочка кожи, ни одного верика деревянной поверхности без орнамента. Даже войлоки, покрывающие свод юрты, несут на себе орнамент. Гений трудолюбивой казашки превратили юрту в картинную галерею, точнее сказать, в выставку орнаментов» [2, 377б.].

Қазіргі таңда қарапайым бейнелерге, ғылыми негізде сақ таңбаларына семантикалық талдау жасау маңызды. Ежелгі таңба мотивтері қазіргі елтаңбамызда кездеседі. Алғаш рет «таңба» түсінігі Түрік қағанатында 551-630 жж. қолданылды. Махмуд Қашғаридың айтуы бойынша, «таңба» бұл мемлекет билеушілерінің ерекше белгілері. Атап айтарлық жайт рулық таңбалар қазақ халқында бүгінгі күнде де сақталған.

Елтаңбадағы шар тәріздес геометриялық фигура – ежелгі көшпенділерде ерекше құндылыққа ие болған.

Шаңырақ – елтаңбамыздың негізгі элементі, отбасылық береке-бірліктің символы. Қазақта «Шаңырағың биік, керегең кең, босағаң берік болсын» - деген жақсы тілек сөз бар. Бұл шаңырақтың қазақ халқы үшін құндылығының жоғары екендігінің сипаты. Шаңырақ елтаңбамыздың басты элементтерінің бірі.

Елтаңба композициясындағы келесі басты элементтер – фантастикалық тұлпарлар. Геральдика тілімен айтқанда тұлпар – арыстанның айбаты, ірі қараның мықтылығы мен күштілігін, түлкінің ақылдылығы мен айлакерлігін, жоғары жылдамдық пен ептілікті бойына сіңірген жануар.

Археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған «Алтын адам», «Алтын диадема» әлем ғалымдарын таңқалдырған шедевр. Сақ өнерінде тұлпар тақырыбы өте кең тараған. Елтаңбада бейнеленген қанатты тұлпарлар – Есік қорғанынан табылған алтын адамның бас киімінде де бейнеленген. Көшпелі өркениет мәдениетінде жылқы малының мәртебесі жоғары екені бәрімізге белгілі.

Тұлпарлардың алтын қанаттарында да бидайдың формалары кездеседі. Бұл дегеніңіз жоғарыда аталып откендей, береке мен құттың белгісі. Тұлпардың басындағы 7 белгінің мағынасы – ол шежіреге, текке деген құрметтің белгісі. Қазақта: «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген нақыл сөздер бар. Сонымен қатар, қазақ халқы үшін 7 саны киелі болып есептеледі.

Елтаңбадағы түстер гаммасына назар аударатын болсақ, алтын түс – болашаққа деген үміттің ашықтығы, жарқындығы. Ал ашық көк түс - бейбітшіліктің, ұлтаралық келісімнің, тыныш заманның белгісі. Бұл түстерді де ежелгі сақтар қолөнерінде шебер пайдалана білген.

Аталған бейнелерден бөлек, сақ мәдениетінде қанатты барыстың да бейнесі жиі кездеседі. Дәл осы сақ мәдениетіндегі қанатты барыс, тұңғыш президентіміз, 1997 жылы халыққа жолдаған жолдауында «Қазақстан - 2030» негізгі символға айналған. [3, 240б.]

Есік қорғанында табылған таудан ұмтылып тұрған тісті қар барысы біртұтас бірегейліктің, қаһармандықтың композициясы.

«Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасындағы барыстың бейнеленуі тегін емес. Ол-тәуелсіздіктің, ақылдың, батырлықтың, тектіліктің символы ретінде. Сонымен қатар, қазақстандық барысқа тән тағы бір сипат – шығыстық даналық пен сабырлылық, шыдамдылық, батыстық әсемдік.

Сақ мәдениеті мен тағы бір тарихи сабақтастықтың дәлелі – Алматы қаласының орталық алаңында тұрған «Тәуелсіздік монументі», ұзындығы 34 метрлік композиция, қанатты барысты басқарып тұрған «Алтын адам» бейнесімен аяқталып тұр. Бұл дегеніңіз, қазақ жеріндегі мемлекеттік биліктің нышаны.

Тәуелсіздік идеалдарының тағы бір сабақтастық символдары рельефтік мүсіндерде бейнеленген:

- 1-Кирдің әскерін жеңген сақ патшайымы Томирис
- 2-Әл-фараби мен тарихшы М.Х. Дулати
- 3-Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей
- 4- 1723 ж. «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» жылдары.
- 5-Абылай ханның қалмақ ноянның Шарышты жеңген кезі.
- 6-Ф.М. Достоевский, Ш. Уәлиханов, Т. Шевченко – Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынастарының символы ретінде
- 7-Кенесары ханның ұлы Сұлтан Садықтың бейнеленуі, ұлт-азаттық қозғалыстың белгісі ретінде
- 8-Жаппай сталиндік репрессия 1937-1938жж. Әлихан Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы Панфилов, Б. Момышұлы
- 9- 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы
- 10-Тәуелсіздіктің жариялануы, тұңғыш президент Н.Назарбаевтың ант беру сәті

Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов Тәуелсіздік монументі композициясына мынандай баға берген: «Главная площадь Алматы увенчалась величественным символом национальной свободы и независимости, а на устремленной ввысь гранитной стеле, на орлиной высоте вознесся молодой витязь, у ног которого несется вскачь некогда грозный, а ныне покорный и послушный, крылатый мифический барс. Не кажется нам разве в этот миг, что дух наших предков явился из глубины веков, не иначе как в облике золотого человека – витязя, как бы предвещающая ему грядущую судьбу нашего народа.... » [4, 60б. ]

Жоғарыда аталған бейне мемлекет басшысының штандартында да бейнеленген. Астана қаласындағы «Бәйтерек» (өмір ағашы), «Бейбітшілік пен келісім сарайы» (Норман Фостер), «Мәңгілік ел» архитектуралық – мүсіндік комплексіндегі негізгі идеялар скиф-сақ заманынан келе жатқан тарихи сабақтастық.

Самұрық құсы – қазақ халқындағы ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің тағы бір символы ретінде- жарқын болашақ пен кемел дамудың идеалы.

Орталық Азия мен Сібір жерінде табылған ежелгі самұрық құсының бейнелері тек сақ мәдениетіне тән. [5,76-77бб.] Сақ шеберлері самұрық құстың басына үлкен құлақ, тау арқарының, маралдың мүйізін шебер үйлестіре білген. Мұндай аң мен құстың қосындысынан шыққан мифологиялық образдар ат әбзелдерінде, киім-кешекте кездеседі. Оларға тән сипат алтын мен қоладан жасалған және қанатты немесе бүкір болып келеді.

«Қазақ елі» монументі – тарихи тамыры тереңде жатқан, бостандық пен даналықтың, ерліктің символы.

«Бәйтерек» ежелгі көшпенділердің космогониялық әлемі. Өмір ағашы эпостық жырлар мен аңыз ертегілерде де кездеседі. Атап айтсақ, «Ер Төстік» шығармасы.

Қорыта келгенде, қазақ жері сақ заманынан келе жатқан үлкен тарихи мұраның мұрагері. Барлық сюжеттер мен образдар: дала арқары,

фантастикалық тұлпарлар, грифон-самұрық құстар, қар барыстары, бәйтерек сақ шеберлерін рухтандырып, қанаттандырды және тәуелсіз Қазақстан тарихы мен мәдениетінде ұштасып, ұлттық құндылығымызға айналды.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Агапов В., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. – Алма-Ата, Жалын, 1979. 84-85 бб.
2. Нарымбаева А.К. Туран – колыбель древних цивилизаций. Научное издание – Алматы, 2009. 377б.
3. Назарбаев Н.А . «Казахстан – 2030» Алматы,1998-240б.
4. Қазақ тарихы №8 (185), 2020 60 б.
5. Қазақ тарихы №7 (184), 2020 76-77бб.

**THE EFFECTIVENESS OF THE SOCIAL POLICY IN GLOBE**

**Akhmedova A.K.**

Al-Farabi Kazakh National University Republic of Kazakhstan  
Scientific supervisor – senior lecturer Akhmedova

**Mubarak Sh.H.**

Shaikh Zayed University Khost, Afghanistan

*Introduction*

Social policy is abroad disciplinary which tries to provide a solution to respond to the necessities of social life. Economic and environmental variables influence social issues. These modifications also vary depending on social structure and government policy (Singh & Prog, n.d.). Social policy is frequently seen as the poor relation of other social sciences such as economics, sociology, and political science as an area of research and analysis. It is dismissed as a practical subject concerned mainly with issues of social security benefits and healthcare system administration. Some academics argue that by combining the insights of economics, sociology, political science, and other social sciences to address the question of how the social wellbeing of the world's people is met, it holds a superior position in terms of the functionality of its analytical frameworks and its normative concerns with issues of social justice and human needs (International et al., 2012; Liu et al., 2018).

During the 1980s to 1990s, social policy has concentrated on the delivery of limited services and welfare which was too lack for achieving a balance between social and economic development(Cernea, 1999). At the earlier time, social policy should not be a primary policy objective for developing countries. However, their priority was economic growth. On the contrary, today's high-income economies have made significant investments in social development, and the people of Europe, Japan, North America, Australia, and New Zealand have enjoyed unprecedented levels of wealth. Social policies that are well-designed and